

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.I ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОРИЕНТИРЫ НОВОГО КАЗАХСТАНА

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 14

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

72 / 72-76

Автор(лар):

Жумабаева Улмекен Даулетбаевна

Мақала атауы:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОГРЕСС САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІГІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

УДК 316.4

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОГРЕСС САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІГІН
АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ**

Жумабаева Улмекен Даулетбаевна
ulmeken_04@icloud.com

«Экономика» білім беру бағдарламасының мамандығының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Жантелеуова Гүлден Мендіханқызы
zhanteleuova@mail.ru

«Экономика» білім бағдарламасының 3 курс докторанты
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. – **Избасарова Л.Б.**

Әлеуметтік прогресс-тарихи шартты, күрделі ұғым. Әлеуметтік прогрестің мақсаттары – адамның құқықтары мен бостандықтары, даму құқығы, қауіпсіздігін, лайықты өмір сүру жағдайларын, еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, медициналық қызметтерге қол жетімділік пен білім беру, адамға қолайлы табиғи орта құруды халықаралық деңгейде көрсетеді.

Әлеуметтік прогресс-бұл әр түрлі елдер әртүрлі қарқынмен және әртүрлі нәтижелермен алға жылжитын міндет екенін түсіну керек. Осыған байланысты мемлекеттердің мүмкіндіктері бірдей емес және көбінесе табиғи, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайларға, халықаралық қатынастар жүйесіндегі жағдайға байланысты. Сондықтан кейбір елдер қарқынды алға жылжыса, ал басқалары аз, өте жәй дамуы мүмкін. Сондай - ақ әлеуметтік прогреске әсер етуші факторлар болып: этно, мәдени, рухани, аймақтық, табиғи орта мен қақтығыстар, соғыстар табылады.

Әлеуметтік прогресс индексінің теориясы мен әлемдік тәжірибесінде әлемдік дамыған және дамушы елдердегі әлеуметтік прогресс көрсеткіштерінің тұрақты дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі. Әлеуметтік прогресс индексі және халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдаудың халықаралық тәжірибесі қоғамның дамуына қосқан үлесі негізінде қарастырылады.

Кесте 1 - Әлем елдеріндегі халықтың әл-ауқатын бағалаудың негізгі индекстері

№	Индекс	Бағалау критерилері	Көшбасшы елдер
1	Адам дамуының индексі [1]	-туған кездегі өмір сүру ұзақтығымен өлшенетін денсаулық пен ұзақ өмір сүру; - ересектердің сауаттылық деңгейі мен жалпы қамту коэффициентімен өлшенетін білімге қолжетімділік; - жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніммен өлшенетін лайықты өмір сүру деңгейі (сатып алу қабілетінің паритеті бойынша, АҚШ долларымен көрсетілген).	2021 жыл қортытындысы бойынша: 1. Швейцария 2. Норвегия 3. Исландия 4. Гонконг 5. Австралия 56. Қазақстан
2	Жер институты: 2022 жылғы халықтың бақыт деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингі. (World Happiness Report 2022) [2].	жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі, өмір сүру ұзақтығы, азаматтық бостандықтардың болуы, қауіпсіздік пен болашаққа сенім сезімі, отбасы тұрақтылығы, жұмыс қауіпсіздігі, сыбайлас жемқорлық деңгейі, сондай-ақ қоғамға деген сенім деңгейі, жомарттық.	2022 жыл қортытындысы бойынша: 6. Финляндия 7. Дания 8. Исландия 9. Швейцария 10. Нидерланды 41. Қазақстан Әлемдегі ең бақытты деп танылған елдер: 1. Финляндия - 6 рет (2018, 2019, 2020, 2021, 2022, 2023) 2. Дания - 3 рет (2012, 2013, 2016) 3. Норвегия - 1 рет (2017) 4. Швейцария - 1 рет (2015)
3	Өркендеу деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингі (Legatum Institute: Legatum Prosperity Index 2023) [3].	1. Экономика. 2. Кәсіпкерлік. 3. Басқару. 4. Білім. 5. Денсаулық сақтау. 6. Қауіпсіздік. 7. Жеке бостандықтар. 8. Әлеуметтік капитал. 9. Экология.	2023 жыл қортытындысы бойынша: 6. Дания 7. Швеция 8. Норвегия 9. Финляндия 10. Швейцария 69. Қазақстан
Ескерту: кесте авторлармен құрастырылған			

Халықты әлеуметтік қорғау түсінігіне анықтама бере отырып, әлеуметтік қорғаудың негізгі мақсаттарын айқындалады. Ол қолайсыз жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) тап болған, экономикалық белсенді бола алмайтын және лайықты еңбекақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе ретінде қарастырылады. ХХІ ғасырда кез - келген мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттарының бірі әлеуметтік саясат.

Әлеуметтік прогресс индексі (SPI) - елдер бойынша өз азаматтарының әлеуметтік және экологиялық қажеттіліктерін қаншалықты қамтамасыз ететіндігін өлшенеді, қоғамдағы адамдардың негізгі қажеттіліктері, әл-ауқат негіздері, алға жылжу мүмкіндігі, саласындағы

өсім - халықтардың салыстырмалы көрсеткіштері 54 көрсеткіш негізінде анықталады. Бұл ндекстерді коммерциялық емес ұйым жариялайды [4].

Кесте 2 - Әлем елдерінің өмір сүру сапасы мен әлеуметтік прогресс индекстері

1	2023 жылғы өмір сапасы индексі бойынша елдердің рейтингі (The Quality of Life Index) [7].	Жалпы рейтинг тұрғын үй құнынан ауаның ластану деңгейіне дейін, денсаулық сақтаудан жол трафигіне дейін әртүрлі индекстерден тұрады. Рейтинг объективті көрсеткіштер арқылы мүмкін болатын көшу үшін елді бағалауға мүмкіндік береді.	2023 жылғы өмір сапасы индексі бойынша елдердің рейтингі: 6. Нидерланды 7. Дания 8. Швейцария 9. Люксембург 10. Финляндия 74. Қазақстан
2	Әлеуметтік прогресс индексі 2022 жыл (The Social Progress Index) [8].	- тамақтану, негізгі медициналық көмекке қол жеткізу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, суға, электр қуатына және санитарлық қызметтерге қол жеткізу, жеке қауіпсіздік деңгейі. - халықтың базалық білімі мен сауаттылық деңгейіне қол жеткізу, ақпарат пен коммуникация құралдарына қол жеткізу, Денсаулық сақтау деңгейі, экологиялық тұрақтылық. - жеке және азаматтық бостандықтар деңгейі, адамның шешім қабылдау және өз әлеуетін іске асыру құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.	1. Норвегия 2. Дания 3. Финляндия 4. Швейцария 5. Исландия 65. Қазақстан
Ескерту: кесте авторлармен құрастырылған			

SPI қоғамның әл-ақуалын, экономикалық факторларды сонымен қатар, тікелей әлеуметтік және экологиялық нәтижелерді байқау арқылы өлшейді. Әлеуметтік және экологиялық факторларға сауықтыру деп, денсаулық, баспана және санитарлық жағдайды қоса алғанда, теңдік, қосылу, тұрақтылық және жеке бостандық пен қауіпсіздік жатады [5].

Әлеуметтік индекс – әлеуметтік «оң» және әлеуметтік «теріс» таңдау арасындағы пропорция. Ол сандық және пайыздық көрсеткіштер негізде көрсетіліп, әлеуметтік «оң» таңдау - көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, адамның өмірдегі әлеуметтік қолайлы ықтималдығы соғұрлым жоғарылығын көрсетеді.

Кесте 3 - Әлеуметтік прогресс индексі бойынша Қазақстанның нәтижелері


Индексі	2011	2016	2020	2021	2022
Жалпы рейтинг	70	66	67	64	65
Адамның жеке қажеттіліктері	82,12	84,25	86,32	86,49	84,49
Әл - ауқат негіздері	66,24	73,14	74,58	75,83	72,99
Мүмкіндіктер	51,95	51,63	53,23	54,38	56,15
Дерек көзі: Әлеуметтік прогресс индексі-2022 - Экономикалық зерттеулер институты (economy.kz)					

Жалпы, 12 жылдағы әлеуметтік прогрестің нәтижелері әлеуметтік прогресс тұрғысынан әлем жақсарып келе жатқанын көрсетеді, бірақ қарқын айтарлықтай баяулады. Индекстің әлемдік көрсеткіші 2011 жылғы 59,84-тен 2022 жылы 65,24-ке дейін өсті. 2017 жылдан бастап әлеуметтік прогресс қарқыны екі есеге қысқарды және ол 2023 жылы бірінші рет төмендеуі мүмкін. Әлемдегі әлеуметтік прогресс жеке құқықтарда төмендейді (-5,34) және инклюзивтілікте тоқырау (+0,32).



Сурет 1. Әлеуметтік прогресс индексі бойынша Қазақстанның нәтижелері

Әлеуметтік прогресс индексі 3 фактордан (адамның негізгі қажеттіліктері, әл-ауқат негіздері, мүмкіндіктер), 12 құрамдауыштан (тамақтану және негізгі медициналық қызметтер, су жағдайы және санитария, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жеке қауіпсіздік, негізгі білімге қол жеткізу, ақпарат пен коммуникацияларға қол жеткізу, денсаулық пен әл-ауқат, қоршаған орта сапасы, жеке құқықтар, жеке бас бостандығы және таңдау, инклюзивтілік, жоғары білімге қол жетімділік) тұрады. Индекс тек әлеуметтік және экологиялық аспектілерге бағытталған, қоғамның өз азаматтарының негізгі адами қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың өмір сүру сапасын нығайту және қолдау және барлық адамдар өздерінің әлеуетін толық жүзеге асыруы үшін жағдай жасау қабілетін өлшейді.



Сурет 2. Әлеуметтік прогресс индексі бойынша Қазақстанның нәтижелері (Адамның жеке қажеттіліктері)

Әлеуметтік индекс теориясы – бұл белгілі бір әлеуметтік жетістіктің жалпы қабылданған нормативке қатысты маңыздылығын сипаттайтын салыстырмалы шама. Ол

норма, белгілі бір еңбек бірлігі ретінде қабылданады. Осындай нормативті қабылдау арқылы, әртүрлі факторларды ескеріп, қоғамдың жай - күйін есептелуге мүмкін туады [6]. Әлемнің дамыған елдерінде халықтың әл-ауқалы бүгінде өте өзекті. Әлем елдері тұрғындарының өмір сүру деңгейін білуі өте маңызды. Осыған орай әр ел ішінде жеке әлеуметтік топтар өз өмірлеріне «қанағаттанғандығын» немесе «қанағаттанбағандығын» түсіну үшін халықтың әл-ауқатын бағалаудың әртүрлі әдістері қолданылады.



Сурет 3. Әлеуметтік прогресс индексі бойынша Қазақстанның нәтижелері (Әл – ауқат негіздері мен мүмкіндіктері)

Әлемдік дағдарыс барлық елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайына әсер еткені белгілі. Қазақстан Республикасындағы халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуда әлемдік тәжірибені қолдану қажет.

Қазақстанның әлеуметтік прогресс индексі көрсеткішінің «күшті жақтары» – тамақтану және негізгі денсаулық сақтау, негізгі білімге қол жеткізу, су және санитария, тұрғын үй, ақпарат пен коммуникацияға қолжетімділік болып отыр. Қазақстанның әлеуметтік прогресс индексі көрсеткішінің ең төменгі баллы, яғни «әлсіз жақтары» келесі құрамдас бөліктерден тұрады: инклюзивтілік қамтылу, жоғары білімге қолжетімділік, қоршаған орта сапасы, жеке құқықтар, денсаулық және әл-ауқат.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. https://hdr.undp.org/system/files/documents/global-report-document/hdr2021-22pdf_1.pdf
2. World Happiness Report 2022 (англ.). *World Happiness Report*. Дата обращения: 21 марта 2024. Архивировано 21 марта 2024 года.
3. Рейтинг стран мира по уровню процветания – Гуманитарный портал (gtmarket.ru)
4. Вебер А. В поисках новой парадигмы развития // Век глобализации. 2013. № 1. (Veber A. Searching for a new paradigm of development // Vek globalizatsii. 2013. No. 1.)
5. Доклад о развитии человека. Реальное богатство народов: пути развития человека. Опубликовано для Программы развития ООН. М. : Весь мир, 2010. (Human Development Report. Real wealth of peoples: pathways of human development. Published for the UN Development Program. M.: Ves' mir, 2010.)
6. Estes R. J. 1984. The Social Progress of Nations. New York : Praeger.
7. <https://relocation.guide/index-katchestva-shizni>
8. Рейтинг стран мира по уровню социального развития – Гуманитарный портал (gtmarket.ru)